

Бәрекелді!

Татами тарландары – мерейлі

Балшырын АМАНТАЙ

2022 жылдың 7-10 мамыры аралығында Орал қаласында Кеңес Одағының батыры Мәншүк МӘМЕТОВАНЫ еске алуға арналып, дзюдо күресінен ересектер арасында өткен X ашық республикалық турнирде дзюдо күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері, Қазақстан құрама командасының мүшесі Аслан МҰХАМЕДЖАНОВ +100 келі салмаққа дейінгі балуандар бәсекесінде күміс медальға ие болды.



Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер атағына ие болды. Нақтылай түссек, 48 келі салмақ дәрежесінде Аяулым Ермек қола медальға қол жеткізсе, 52 келі салмақта сынға түскен Алина Тарелкина күміс медальді жеңіп алды. Ақерке Ерболқызы 70 келі салмақ дәрежесінде қола медаль иегері атанды. Ал, Нұржан Егінтаев болса, 73 келі сал-

мақта топ жарып, алтын медальді еншіледі.

Қаражал қаласының «МОРДБЖМ» КММ басшысы Артем Ким мен мерейі үстем түскен дзюдошылардың ұстаз-жаттықтырушылары Дүйсенбай Тәжікеев, Арман Отарбаев, Ерболат Зекен және Сандұғаш Мұқанбетқалиеваны шын жүректен құттықтаймыз!

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ

XX ғасыр қазақ халқының тарихында қаралы әріптермен жазылған оқиғалары көп, дүрбелеңге толы кезең болды. Бірнеше мәрте айналып соққан ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін қазақтың үштен бірін қынадай қырып тастады. Елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған зиялылар «халық жауы» атанып, басы байлауға, малы айдауға түсті. Ақыры, «балапан басына, тұрымтай тұсына» күй кешті...

Қазақтың қаралы ғасыры



Кері тарихтың сарғайған парақтарын ақтарар болсақ небір сұмдықтың куәсі боламыз. Елді аққаңға айналырған ашаршылықтардың қолдан жасалғанын түйсініп, төбе құйқаң шымырлайды. Халық ақсирәк болып, далада аштан қырылып жатқанда қызыл үкімет астықты шет елдерге сатуға шығарғаны туралы деректер енді ғана мәлім болып отыр. Бұған дейін ол жайлы ештеңе айтылмайтын.

Қазақтар «Қужақ» деп атап кеткен Ф.Голощекин Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған тұста «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен, жұрттың мал-мүлкі тартылып алынғаны мәлім. Малынан айырылған халықтың жағдайы мүлдем нашарлап кетті. 1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде қазақтар саны 30 пайызға азайса, 1932 жылғы қасақана ұйымдастырылған аштық құрбандары 2 миллионнан асты, ал кейбір ғалымдар «олардың қатары 3 миллионға жетті» дегенді айтып жүр. Бұл тарихымыздағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған қасіретті кезеңдегі көрсеткіштен де асып түседі. Қаншама қандасымыз жанын сақтап қалу үшін Моңғолия, Қытай, Иран, Ауғанстан аумағына шекара асып, босып кетті. Сол жолда қаншама адам аштықтан әлсіреп, иен далада көмусіз қалды, ит-құсқа жем болды.

Голощекиннің қазақ халқын ұлт ретінде жойып жіберуге бағытталған жымсысқа саясатын әшкерелеп, оны тоқтату керектігін айтып, орталыққа хабарлама жолдаған Алаш ардақтылары «халық жауы», «бандылық құрылымдар» деп танылып, қуғын-сүргінге ұшырады. Ақиқатты айтып, қастандықпен жасалып отырған саясаттың бетін ашқан Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов, Нығмет Нұрмақов және басқа да көптеген Алаш арыстары мен көптеген ұлт қайраткерлері қуғындалды. Қолына шексіз, шектеусіз билік берілген Голощекиннің қылмысын айыптап, нақты дәлелдер мен деректерге сүйене отырып жазылған «Бесеудің хаты» аталатын құнды құжатта ел ішіндегі аласапыран жағдай ашық көрсетілді.

Белгілі демограф Мақаш Тәтимов өз зерттеулерінде «егер ашаршылық болмағанда, қазір Қазақстанда қазақтардың саны 25 миллионға, ал дүние жүзінде 30 миллионға жетер еді» деген болатын.

Қолдан жасалған ашаршылық, жазықсыз жазалаған саяси қуғын-сүргін қазақтардың жартысына жуығын жалмады. Талай жанның өмірін қыршынынан қиған нәубет адамзат тағдырындағы аса қатігездікпен жасалған ойран болды.

Осылайша, XX ғасыр – тарихта қазақтың қаралы ғасыры ретінде таңбаланып қалды.

«ПАТШАЛАР» МЕРЕКЕСІ

патшаға лайық деңгейде тойланады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кішкентайлардың биылғы мерекесі еліміз бойынша «Бәрі де балалар үшін» деген ұранмен өтетін болады. Ал 1 маусымдағы іс-шаралар легі қалалық мәдениет үйінде «Бала деген бір бақыт» деген тақырыппен салтанатты түрде ашылатын болады. Ол бірнеше блоктарға бөлінген. Сол блоктарға сәйкес шаһарымыздағы алаңдар мен дәмханаларда, рухани орталықтарда әдеттегідей думанды концерттер және байқаулар ұйымдастырылады.

– 1 маусым жұмыс күні – сәрсенбіге келіп тұр. Дейтұрғанмен, қала тұрғындары мен қонақтары үшін бұл күні кең ауқымды бағдарлама ұсынып отырмыз. Атап айтқанда, театрландырылған қойылымдар, суреттер көрмесі, асфальтта сурет салу, «Біз бақытты баламыз!» деген тақырыптағы концерттік бағдарлама балалар мен олардың ата-аналарын бей-жай қалдырмайды деп ойлаймыз, – дейді Бақыт Ибратайқызы.

Білім бөлімі әдіскерінің ай-



туынша, бұл күні балалардың ата-аналарымен бірлесіп қатысатын, өнерлі ұжымдар қатысатын шаралар да аз емес. Мәселен «Папа, мама и я – спортивная семья» деп аталатын спорттық жарыс, «Ғажайып әлем» деп аталатын сурет салу байқауы, «Бақытты балалық шақ» деген атаумен өтетін флешмоб балаларды қызыққа кенелтсе, аниматорлардың қатысуымен өтетін «Балғын балалар – біздің болашағымыз» атты шоу мен өнерлі өрендер қатыса-

тын «Айналайын» ән-би фестивалі мереке ажарын аша түсетін болады. Бұл күні балаларға тегін мультфильмдер де көрсетіледі.

– Балалар жылы аясында өтетін бұл мерекелік шараларға қала әкімдігі мен білім бөлімі және Жәйрем кентіндегі Kazzinc металлургиялық компаниясы де-меушілік жасап отыр. Осылайша «Балар жылындағы» балаларды қорғау күнінің қызықты, әрі есте қаларлықтай болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, – дейді Бақыт Мамина.

Директор-Бас редактор
Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Құрылтайшысы
жеке тұлға
Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k-onir@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX АО «Halyk bank»
Код Кбе 17
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 100700
Таралымы 1000
Тапсырыс 20

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.